

Ж.А.Қарсыбаева

## Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны

Статья посвящена проблеме участия женщин Казахстана в сельском хозяйстве и производстве республики, а также на полях сражений в годы Великой Отечественной войны. Дается обзор некоторых трудов советской и отечественной историографии по данной тематике.

Zh.A.Karsybaeva

## Women of Kazakhstan during the Great Patriotic War

The given article is initiated by the role of women of Kazakhstan in year of Great Patriotic War. It was marked the work of women in agriculture and production of the republic, and also exploit of girls who have fought heroic. Some of works which written in the soviet and national historygraphy are viewed from historygraphical review.

ӘОЖ 94 (574):355.425.4

Ж.А.Қарсыбаева

*Шет тілдер колледжі, Қарағанды*

## Қазақстандықтардың партизандар қозғалысына қатысуы

Мақалада қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарында партизандық қозғалыстарға қатысуы қарастырылған. Партизандық отрядтардың жаудың материалдық-техникалық базасын, адам ресурстарын жоюлары басқыншылармен күресте басты факторлардың біріне айналған. Сонымен қатар осы тақырыпқа байланысты қысқаша тарихнамалық шолу берілген.

*Кілтті сөздер:* ҰОс, партизандар, партизандық отрядтар, партизандық қозғалыстар, жау тылы, фашизм, тарихи әдебиет, тарихнама, хабарламалар, мерзімдік басылым.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде өзінің ішкі, сыртқы саясатында ынтымақтастық, бейбітсүйгіш бағытын ұстанып келеді. Бүгінгі таңдағы әлемнің бірқатар елдерінде саяси, әскери келіспеушіліктер мен қақтығыстардың орын алуы кез келген елде қауіпсіздік, елдің біртұтастығы мәселесін алдыңғы қатарға шығарады. Бұл үшін өскелең ұрпақтың, жалпы ел азаматтарының отан қорғау қабілетін, патриоттық сезімдерін дамыту бүгінгі қоғамның басты міндеті болып табылады.

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңістің 65 жылдығы аталып өткен кезеңде Қазақстан тарих ғылымында соғыс жылдарындағы республика тарихына қатысты мәселелердің зерттелуі маңызды болып отыр. Ұлы Жеңістің кеңес халқына қаншама адам шығынымен, материалдық-техникалық зардаптарымен келгені анық. Күші басым жауға қарсы күрес тек қан майданда ғана емес, сонымен қатар фашистер уақытша басып алған жерлерде де жүргені белгілі. Жау тылындағы партизандардың астыртын қызметі, кеңес әскерімен бірлесе жүргізген әрекеті фашизмді жеңудегі маңызды фактордың бірі болып табылады. Қазақстандық жауынгерлердің партизандар қозғалысына қатысуы мәселесі әлі де талай тың зерттеулерді қажет етеді.

Тақырыптың тарихи әдебиеттерде қарастырылуына, дерек көздеріне тоқталсақ, партизандық қозғалыстың мәнін, рөлін терең бағалау Коммунистік партияның құжаттарында, КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитетінің құжаттары, баяндамаларында берілген. Партизандар туралы Кеңес Ақпараттық Бюросының хабарламаларында, мерзімдік басылымдарда айтылды. Соғыс жылдарының өзінде-ақ кеңестік партизандардың әскери әрекеттеріне қысқаша шолуларды Б. Волин, П.К. Пономаренко, Р. Сидельский жасаған. «Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысының тарихы» атты көлемді ғылыми еңбектің алтыншы томында жау тылындағы кеңес халқының ерлігі, коммунистік партияның ұйымдастырушылық рөлі көрсетіледі. Партизандық қозғалыстың маңызды қорытындылары Л.Н. Бычковтың «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партизандар қозғалысы», «Советские партизаны (из истории партизанского движения в годы Великой Отечественной войны)» атты

еңбектерінде берілген [1; 10]. Қазақстандықтардың партизандар қозғалысына қатысуы туралы Қазақ КСР кеңестік дәуіріндегі, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы дамуы туралы жазылған бірқатар ұжымдық еңбектерде қысқаша сипаттамалар келтірілген. Бұл бағытта маңызды жұмысты партизандық қозғалысқа қатысушылардың өздері жасаған. Олар партизандар туралы естеліктер мен әңгімелер, күнделіктер, деректік повестер жазған. Мәселен, Т. Жангелдиннің «Партизан күнделігі», «Жолданбаған хаттар», «Партизандық жорық», Қ.Қайсеновтың «Партизан соқпақтары», «Жау тылында», тағы басқа да еңбектерді айтуға болады.

1941 жылы 18 шілдеде БКП (б) ОК «Неміс әскерінің тылында күресті ұйымдастыру туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда ерекше айтылатын міндет герман жаулаушылары үшін адам төзгісіз жағдай жасау, олардың байланыстарын үзіп, әскери техникаларын істен шығару, барлық іс-шараларын жүзеге асыруға жол бермеу, басқыншылар мен оларды қолдаушылардың көзін жою, атты және жаяу әскер партизандық бөлімдерді, диверсиондық және атқыштар топтарын құруға барынша көмектесу, басып алынған территорияларда жауға қарсы барлық жұмыстарды басқару үшін большевиктік астыртын ұйымдардың желісін құру болды. Сонымен қатар онда жау тылындағы күресті барынша белсендендіру туралы айтылды, бұл істі ұйымдастыруды республикалық, облыстық, аудандық, партиялық және кеңестік ұйымдардың жетекшілеріне жүктеді. 1941 жылы 28 шілдеде кеңес халқын жау уақытша басып алған аудандарда, жекелеген жау әскері бөліктерімен күресу үшін партизандық отрядтар мен диверсиондық топтарды құруға шақырды [2; 63].

Кеңес адамдарының асқан патриотизмінің көрінісі болып неміс-фашист басқыншыларының тылындағы бүкілхалықтық күресі болды. Тіптен басып алынған территориялардағы көпшілік кеңес азаматтары өлім қауіпін сепкен қатаң террор жағдайында да басқыншыларға мойынсұнбады, неміс билігінің экономикалық және саяси шараларын бұзу мен бүліктер ұйымдастыруға қатысты, олардың полицияларын жазалады. 1941 жылдың жаз-күзінде уақытша басып алынған аудандарда жасырын партизандық астыртын жұмыс жүргізушілер, комсомолдық ұйымдар жұмыс жасады. 1943 жылдың аяғында миллионнан астам кеңес халқы партизандық қозғалысқа белсенді қатысты.

А.М. Сеницынның «Всенародная помощь фронту» деген еңбегінде құжаттық мәліметтер негізінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы фашист басқыншыларды талқандауда үлкен үлес қосқан тыл еңбеккерлерінің жаппай патриоттық қозғалысы, ерікті ұлттық құрамалардың майдандағы ерліктері және басқа да мәселелерді көтерген. Мұндағы «Ұлттық құрамалар» деген тарауында партизандық бөлімдердің құрылу тарихы, соғыс уақытындағы атқарған қызметі баяндалады. Партизандар бөлімдерінің Қызыл Әскердің қуаты мен күшінің өсуінің маңызды қайнар көздерінің бірі болғандығын атап өтеді. Автордың көрсетуінше, 1941 жылдың басында жау тылында 250 мыңдай партизандар әрекет етсе, 1943 жылдың басында Белоруссия, Украина, Латвия, Литва, Эстония, Карелия және РКФСР жекелеген облыстарында 120 мыңнан астам партизандар соғысқанын көрсетеді. Толық емес деректер бойынша, партизан бөлімдерінде барлығы миллионнан астам адам соғысқан. 1943 жылы партизандар барлығы 11 мың поездарды аударуды, 6 мыңдай паровоздар мен шамамен 40 мыңдай вагондарды, цистерналар мен платформалардың көзін жойған немесе зардап келтірген, ал бұл уақытта халық кекшілдері 6400 темір жол және тас жол көпірлерін жойып, 22 мыңнан астам көлігін жарған [2; 65].

З.А. Швыдконың құрастыруымен жарық көрген «Шла война народная. Партизаны Великой Отечественной — казахстанцы» атты еңбекте соғыс жылдарындағы партизандық қозғалыстың тарихы, қазақстандық партизандар туралы біршама қызықты мәліметтер беріледі. Партизандардың жұмысын координациялау мақсатында Қызыл Әскермен 1942 жылдың мамырында Партизандық қозғалыстың орталық штабы (ПҚОШ), ал кейіннен республикандық және облыстық штабтары құрылды. Қызыл Әскердің кеңестік партизандармен өзара әрекетінің жарқын үлгісі болып жаудың темір жол желісі бойынша жаппай соққы беруі «Рельстік соғыс» болды. Бұл кеңес әскерінің 1943 жылдың жазғы шабуылы кезінде болды. ПҚОШ тапсырмасы бойынша жау тылына ауыр соққыны берген С.А. Ковпак, А.Ф. Федоров, А.Н. Сабуров, П.П. Вершигор, М.И. Наумов, С.В. Гришин, И.З. Коляд, А.В. Герман, В.З. Корж, М.Ф. Шмырев және басқаларының басшылығымен партизандық бөлімдер болды. Соғыс жылдарында партизандар жалпы 1,5 миллионнан астам неміс офицерлері, солдаттары, қызметкерлерінің көзін жойған. 21376 поездардың аударылуы, 116 бронепоездарды жарды, 16869 паровоз бен 170812 вагондарды қатардан шығарды немесе жойды, 4538 танк пен бронемашиналарды, 2500 түрлі калибрлі қару, 253 темір жол желілері мен стансаларын, 2900 ірі қоймалары мен материалдық-техникалық базаларын жарған [3]. Сонымен қатар партизандық бөлімдердің ұлттық құрамы туралы да айтып өтеді, мәселен, Украина партизандық бірлестігінде 1536

украин, 452 орыс, 263 белорус, 31 өзбек, 79 казак, 20 татар, тағы басқа ұлт өкілдері болғандығын көрсетеді. Ал екі рет «Кеңес Одағының Батыры» атағын алған С.А. Ковпактың партизандық бірлестігінде 70-тен астам казак болған.

Н. Едігенов «Участие казахстанцев в партизанском движении в Белоруссии в годы Великой Отечественной войны» атты еңбегінде Белоруссияның 65 түрлі бригадалық бөлімдерінде бір жарым мыңдай қазақстандықтардың болғанын көрсетеді, олардың кейбірі партизандық қозғалысқа БКП(б) ОК, сондай-ақ Қазақ КП(б) ОК тапсырмасымен соғыстың алғашқы күнінен бастап қатысса, кейбірі еріктілер түрінде, жау тұтқынынан құтылып келіп қосылғандар болғанын да көрсетеді. Жау тұтқынынан, қоршауынан шығып партизандарға қосылғандардың қатарында қостанайлық И.А. Ерошенко, К. Темірханов, А. Данияров, М. Павлов, Е. Балатенов, И. Булаевты және басқаларын атап өтеді [1; 25]. Сонымен қатар Белоруссияның түрлі аудандарындағы партизандық бөлімдердегі қазақстандықтарды да атап көрсетеді. Малорит ауданында Ленин атындағы бригадада қазақстандық жауынгерлерден А.С. Королев, Ж. Даутов, Х. Қайсагин, П. Волошин, А. Дедов, П. Горбачевті көрсетсе, Коссовский, Телеханск, Картуз-Березовский аудандарында соғыс қимылдарын жүргізген Дзержинский атындағы партизандық бригадада сегіз қазақстандықтың болғанын жазады. Олар В.Л. Верещагин, И. Новаченко, К. Ержанов, П.И. Осипова, Т. Дүйсенов, П. Синицкий, И. Пашин, И.В. Бартов болған, басым көпшілігі көрсеткен батылдығы, ерліктері үшін II дәрежелі «Отан соғысының партизаны», «Әскери қызметі үшін», «Батылдығы үшін» медальдарымен марапатталған [1; 32].

«Великая Отечественная война, 1941–1945. События. Люди. Документы: Краткий исторический справочник» атты көлемді еңбекте соғыс жылдарындағы Жоғары командованиенің құжаттары, жалпы соғыс тарихына қатысты мұрағат құжаттары жүйелі түрде келтіріліп, шайқастардың тарихы, кеңес елінің соғыс жылдарындағы дамуы баяндалған. Онда барлығы соғыс жылдарында жау тылында Ресей, Украина, Белоруссия, Литва, Латвия, Эстония мен Молдавия жерінде 6200 партизандық бөлімдер, астыртын жұмыс жүргізушілер топтар әрекет еткенін, оларда миллионнан астам партизандар қызмет еткенін жазады. Әлеуметтік құрылымына байланысты мәліметтер береді: 1944 жылдың басында партизандардың 30% — жұмысшылар, 41 — колхозшылар, 29% қызметкерлер болған. Партизандардың оныншы бөлігін дерлік әйелдер құраған [4]. Партизандық құрамаларда Кеңес Одағының барлық ұлт өкілдері күресті.

Жау тылындағы кеңес адамдарының күресі басқыншыларға ауыр соққы тигізді және оларды талқандауға үлес қосты. Толық емес деректер бойынша, кеңестік партизандар мен астыртын жұмыс жүргізушілер жаудың әскери техникасы мен әскерлері бар поездардың 21 мыңнан астамының аударылуын ұйымдастырған, 1618 паровозды істен шығарған, 170,8 мың вагондарды, 12 мың темір жол және тас жол көпірлерін жарған және өртеген, 1,6 миллионнан астам гитлерлік солдат, офицерлер мен олардың қолдаушыларын тұтқынға алған және көзін жойған, Қызыл Әскердің басқармасына көптеген маңызды барлаушылық мәліметтер әкелген.

«Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы» атты көлемді еңбекте партизандық қозғалыс туралы жалпылама сипаттаушы мәліметтер кездеседі. Украина партизандарының саны 1943 жылдың қаңтар-сәуірінде 2,5 есе, ал белорус партизандарының саны 1943 жылдың қаңтарынан қарашасына дейін 2 еседен аса көбейген. Партизан бөлімдері көбейіп, нығайған: Литвада олардың саны 2,5 есе, Латвияда 4 есе, Эстонияда 9 есеге артқан. 1943 жылдың аяқ шенінде неміс-фашист әскерлерінің тылында 250 мыңдай қаруланған партизан әрекет жасады, жасырын резервтер, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі сақтау және басқа да құрамында жүз мыңдаған адамдары бар бөлімдер солардың тікелей тірегі болды [5; 302]. Партизан бөлімдері мен құрамаларының санының өсуі, жауынгерлік қабілеттерінің артуы, партизандарды қару-жарақ, оқ-дәрімен және қопарғыш техникамен жабдықтау ісінің жақсаруы олардың кең көлемде күресуіне жәрдемдесті, оларды көздеген мақсатқа неғұрлым сай пайдалануға мүмкіндік берді. 1943 жылдың көктемінен бастап партизандардың соғыс әрекеттері әдетте Қызыл Әскердің операцияларымен үйлестіріліп отырылды.

Аса ауыр қиыншылықтарды жеңіп, қатерлі қауіпке қарамай, партизандар жаудың қатынас жолдарын қиратты, темір жолдарын істен шығарумен болды. 1942–1943 жылдың қысында Қызыл Әскер Волгада, Кавказда, Орта және Жоғарғы Донда жау әскерін талқандап жатқан кезде халықтық кекшілдер жаудың майданға резервтерін тасып жеткізіп тұрған темір жолдарын соққының астына алды. 1943 жылдың ақпанында Брянск партизандары Брянск-Карачев, Брянск-Гомель бөліктерінде бірнеше темір жол көпірлерін, оның ішінде Деснадағы көпірді бұзды. Күн сайын осы көпір арқылы майданға қарай 25-тен 40-қа дейін эшелон өтетін, ал тамтығы қалмаған бөлімдер, техника және

тоналған мүліктер тиелген соншама поездар кері қарай өтіп жататын. Белоруссия партизандары тек 1942 жылдың 1 қарашасынан 1943 жылдың 1 сәуіріне дейін 65 темір жол көпірінің көзін жойған. Украина партизандары Киев-Коростень алаңында Тетерев өзеніндегі темір жол көпірін және басқа аудандарда бірнеше көпірді қиратты. Партизандар Смоленск, Орша, Брянск, Гомель, Сарны, Ковель, Шепетовка сияқты ірі темір жол тораптарына үнемі соққы берумен болды [5; 304]. Партизандар тек 1942 жылдың қарашасынан 1943 жылдың сәуіріне дейін Волгадағы қарсы шабуыл мен жалпы шабуылдың қызған кезінде дұшпанның 1500-ге жуық эшелонын құлатты.

Жазғы-күзгі науқанның барысында жаудың негізгі қатынас жолдарына күшті соққылар берілді. Партизандар жаудың қайта топталуын, резервтер мен ұрыс техникасын тасып жеткізуін қиындатты, сөйтіп Қызыл Әскерге зор көмек көрсетіп отырды. Партизандардың 1943 жылы қыркүйектің бірінші жартысында жүргізген, «Рельстік соғыс» деген атпен тарихқа енген операциясы өзінің көлемі, оған қатысқан күштердің саны мен қол жеткен нәтижелері жағынан алғанда орасан зор болды. Оны партизан қозғалысының Орталық штабы жоспарлап, ұзақ және жан-жақты дайындаған болатын. Операцияның басты мақсаты рельсті қатарынан жаппай қопару арқылы немістердің темір жолмен тасымалының берекесін кетіру еді. Бұл операцияға Ленинград, Калинин, Смоленск, Орел облыстарының, Белоруссияның партизандары мен ішінара Украина партизандары тартылды. Ол 1943 жылдың 3 тамызға қараған түнінде басталды. Алғашқы түннің өзінде-ақ 42 мыңнан астам рельс қопарылды. Бүкіл тамыз бойы және қыркүйектің бірінші жартысында жаппай қопару жүргізіле берді. Тамыздың аяғына дейін 170 мыңнан астам рельс істен шықты, мұның өзі сыңар темір жолдың 1 мың километріне тең. Қыркүйектің ортасына қарай қопарылған рельс саны 215 мыңдай болды. «Рельстік соғыстың» жаңа операциясы 19 қыркүйекте басталды, оның шартты аты «Концерт» болатын. Бұл жолғы күрес жаңа аймақтарды да қамтыды. Бұған Карелияның, Эстонияның, Латвияның және Қырымның партизандары қосылды. Бұрынғыдан да күшті соққылар берілді. Мысалы, «Рельстік соғыс» операциясына бірінші кезеңде 96 мыңға жуық адамы бар 170 партизан бригадасы, бөлімі және тобы қатысқан болса, екінші кезеңде 120 мыңнан астам адамы бар 193 бригада мен бөлім қатысты [5; 306].

С.В. Гришин, С.А. Ковпак, Я.И. Мельник, М.И. Наумов, В.Е. Самутин, Ф.Ф. Тараненко және басқалары басқарған партизан құрамалары сияқты ірі құрамалардың жау тылдарына еніп, барлау жасауы халықтың патриоттық күресін өрге бастыруда және жау тылының берекесін қашыруда орасан зор рөл атқарды. Партизандар мен астыртын жұмыс жүргізушілер Қызыл Әскерге өзендердегі өткелдерді басып алу, жеке елді мекендерді, жолдардың тораптарын азат ету және олардың біздің әскерлердің алдыңғы бөлімдері келгенше ұстап тұру арқылы да көмектесті. Мысалы, Украина партизандары кеңес әскерлерінің Днепрге шабуылы кезінде олар үшін Деснадан өтетін үш өткелді, Припятьтан өтетін 10 өткелді және Днепрден өтетін 12 өткелді басып алды, ұстап тұрды. Жергілікті халық партизандарды барынша қолдап, олардың қатарын ылғи толықтырып отырды. Кеңес адамдары партизандарды әскери күш деп білумен қатар, саяси күш деп таныды.

Партизан қозғалысына белсене қатысушы Әди Шәріпов өзінің естелігінде былай деп жазады: «Біз қасықтай қанымыз қалғанша Отан-ананың алдында сүттей таза, әскери антқа берік болуға серт бердік. Біз Белоруссияның орман-тоғайы, орыстың кең жазық даласында қан кешкен ұрыстарда жүрсек те туып-өскен Қазақстанды, сүйікті Отанымызды, қорғайтынымызды жақсы білдік. Қай-қайсымыз болмайық, біз совет азаматы екенімізді, біздің күшіміз — халықтар достығының бірлігінде, коммунистік партияның төңірегінде тығыз топтасуымызда екенін жақсы білдік» [6; 24].

М. Құсайынов «Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты кітапшасында тек Белоруссияның партизан отрядтарында 800-ден астам қазақстандықтар, ал Украинаның территориясында 633 қазақ партизандары болғандығын және олардың кейбірін атап өтеді, олар: А. Айсаев, Г. Ахмедияров, Ф. Барабаш, Ж.Саин, Ә. Шәріпов, Қ.Қайсенов, С. Төлешов, Т. Жангелдин, И. Савельев, К. Еремеев, Ф. Озмитель, Н. Көшекбаев [6; 26].

Герман фашизміне қарсы күресте асқан ерлік көрсеткен жүздеген қазақстандық партизандар болды. Олардың ішінде Ғалым Ахмедияров (Фрунзе атындағы партизандық бригаданың штаб бастығы), Әди Шәріпов (2-клетнян партизандық бригадасының комсомол жұмысы жөніндегі комиссардың орынбасары), Сатымбек Төлешев («Заря» отрядының командирі, соңынан партизандық құрамасының штаб бастығы), Василий Шарудо («Железняк» партизандық бригадасының командирі), Жұмағали Саин (партизандық ротаның политругі), Тоқтағали Жангелдин (комсомол жұмысы жөніндегі бригада командирінің орынбасары) және басқалары.

3.Ш. Қашкенбаевтың «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты еңбегінде қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы жайлы айтылған. Соғыс тарихы бойынша, алдын

ала берілген мәлімет бойынша (1946), Украинадағы 98,583 партизанның ішінде 633 қазақ болған, толық емес мәліметтерге қарағанда, Белоруссияның әр алуан аудандарында шайқасқан 28 партизан бригадасында, полктер мен бөлімдерінде 300-ге жуық қазақстандықтар болған. Ондағы көрсеткен ерліктері үшін 200-ден астам қазақстандықтар орден, медальдармен наградталған, ал екеуіне «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілген [7].

А.Л. Манаенков, Е.П. Горелин, А.Ф. Маркова және басқаларының құрастыруымен жарық көрген «Партизанские формирования Белоруссии в годы Великой Отечественной войны (1941 июнь – 1944 июль)» атты еңбегінде соғыс жылдарындағы Белоруссияның партизандық күштерінің ұйымдастырушылық құрылымы, партизандық құрамалардың және бригадалардың, бөлімдердің қысқаша құрылу тарихы, әскери қимылдарды өткізген жері, Қызыл Әскер бөліктерімен біріккен уақыты және өмір сүруін тоқтату себептері, олардың сандық, ұлттық құрамы, басқару құрылымы туралы біршама толыққанды, қызықты мәліметтер беріледі. Берілгендер жүйелі түрде, құжаттар негізінде баяндалған. Белоруссиядағы партизандық бөлімдерде белорустар — 71,19%, орыстар — 19,23, украиндар — 3,88, 5,7% — басқа ұлт өкілдері құрағанын көрсетеді. Олардың ішінде 1,2 мыңнан көбісі шетелдік антифашистер, яғни поляктар, словактар, неміс, француз, тағы басқалар болған [8; 10]. Сонымен қатар Черник атындағы партизандар бөлімінде рота командирі болған Алматы облысының тумасы Нұрым Сыдықовты, көкшетаулық Хамий Исмағұловты, ақмолалық М.Ф. Стрельниковтың соғыстағы ерліктері туралы айтып өтеді. Мысалы, Нұрым Сыдықов аталған партизандық бөлімнің барлық дерлік шайқастарына қатысқан, жаудың 3 эшелонын, 9 автокөлігін жаруға қатысып, 13 рет ашық ұрыста болған. Оның жеке әскери есебінде барлығы 65 өлтірілген жау солдаттары мен офицерлері бар [8].

А.Н. Нүсіпбековтың «Вопросы истории Казахстана» атты еңбегінде қазақстандық партизандар туралы қысқаша мәліметтер кездеседі. Онда 1941 жылы Кеңес Одағының Батыры Лиза Чайкинаның бөліміндегі партизандық топтардың бірін бұрынғы мұғалім Нәумет Көшекбаевтың басқарғандығы жазылады. Ол Калининград облысын азат етуге қатысқан соң Қызыл Әскердің қатарында Украина, Польшаны азат етуге, Берлинге шабуылдауға қатысқан [9]. Сонымен қатар партизандар Әди Шәріпов, Г. Омаров, Қ. Қайсенов, Ж. Саин туралы жазады.

«Боздақтар» топтамалық көлемді ғылыми еңбектің Қарағанды облысына қатысты жазылған жинағында да партизандар құрамасы туралы біршама жалпылаушы мәліметтер кездеседі. Онда Белоруссия жеріндегі партизандар қатарында екі мыңға тарта қазақстандықтар болғанын, олардан: Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов, Федор Озмитель, Дмитрий Сачаев, Петр Шленский, Ғалым Омаров, Жылбек Ақәділов, Сағымбек Төлешов, Тоқтағали Жангелдин тәрізді жігіттермен бірге Жамал Ақәділова, Нұрғаным Байсейітованы атап өтеді [10].

Партизандық қозғалыс үлкен саяси маңызға ие болды. Партизандық бөлімдер мен партиялық астыртын жұмыс жүргізушілер жергілікті тұрғындар арасында үлкен ауқымды жұмыстар жүргізді. Парақшалар, астыртын жұмыс газеттері арқылы, жеке әңгімелерінде олар басып алынған территорияларда тұрған кеңес адамдарына кеңес-герман майданындағы жағдай туралы шынайы ақпараттар берді, басқыншы биліктің жаласы мен өтірігін жоққа шығарды, фашистік езгіден азат болу және жаудың түпкілікті талқандалатындығына сенімді қолдады.

Басқыншылармен күрестегі үлкен жеңіске қосылған маңызды үлесті Еуропа мен Азияның бірқатар елдерінде жүрген Қарсыласу қозғалысы қосты. Оның алдыңғы шебін коммунистер құрады. Бұл патриоттық қозғалыс көп жағдайда күштерін жоғалтып, ал кейбір елдерде Кеңес Одағының материалдық көмегіне сүйенді. «Саламин мен Марафон адамзат өркениетін құтқарғандар бүгінде Мәскеу, Вязьма, Ленинград, Севастополь мен Сталинград аталады» деп сол жылдары астыртын грек жұмыс жасаушы газеті жазды [1; 27].

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен-ақ КСРО-ға үлкен қолдау көрсеткен Югославия, Польша, Греция, Франция, Қытай, Италия, Бельгия, Албания, Чехословакия, Болгария, Румыния, Үндіқытай, Бирма және Еуропа мен Азияның басқа да бірқатар елдері халықтарының, неміс антифашистерінің қаһармандық күресі болып табылады. Кеңес үкіметі бірқатар елдерде өз территорияларында ұлттық әскери құрамаларды құруға көмек көрсетті, әдетте олар Қызыл Әскермен бірге әскери әрекеттер жүргізген. Қару-жарақ пен әскери техникамен жарақталған екі поляк әскер, чехословактық әскери корпус, екі румын жаяу әскер дивизиясы, бірнеше югославтық бөлімдер, «Нормандия-Неман» француз авиалық құрылған. Бұл құрамалар 550 мыңнан астам адамды құраған [1; 25].

Шетелдегі Қарсыласу қозғалысына қатысқан қазақтар туралы біршама маңызды ақпараттар Қ. Исабайдың «Жаумен жат жерлерде жағаласқандар» атты мақаласында беріледі.

Партизандардың естеліктеріне сүйене отырып, автор Еуропаның кейбір елдерін азат етуге қатысқан қазақтар туралы баяндайды. Мәселен, 1944 жылдың жазында Арден орманында шайқасқан Бельгия партизандары қатарында жау тұтқынынан қашып шыққан қазақтарды: Өтеген Абдуллин, Қашкен Жарбеков, Әмен Қанбаев, Жортуды Ыдырысов, Абдолла Бабановтарды атайды. Сонымен қатар 1944 жылдың күзіндегі Франция жерінде ірі операциялар жасап, фашистерден Саит, Аулуа, Фуа, Тулуза, Альба, Монтабан, Сант-Жерен және басқа қалаларды азат етуге қатысқан, Қадем Жұманиязов бастаған 90 адамдық партизан бөлімін ерекше айтады. Италияның «Гуйда Баскалье» партизандар бөлімі құрамында болған ақмолалық Кәрім Мұстафин өзімен бірге 70 шақты қазақ болғанын айтқан. 1943 жылдың күзінде Югославияның Словения аймағында 1 партизан отряды құрамында болған Бейсен Раисов 1945 жылы сәуірде Югославияның халық азаттық армиясы, 9 корпус, 18 бригада құрамында кеңес елінің жалпы алғанда 20 шақты ұлт өкілі болғанын атап көрсеткен. Олардың ішінде 130 орыс, 70 қазақ, 60 украин, 50 әзербайжан, 25 өзбек, 10 түркімен, 10 тәжік, 5 татар, 5 қырғыздың шайқасқанын айтып өткен [11].

Қорыта келе, неміс-фашист әскерлерімен басып алынған территориядағы кеңес адамдарының бүкілхалықтық күресі ауқымы, саяси және әскери нәтижесі бойынша фашизмді талқандаудың маңызды әскери саяси факторы мағынасына ие болды. Қазақстандықтар басқа да кеңес ұлт өкілдері қатарында соғыс жүріп жатқан аумақтың қай бөлігінде соғысса да, Отан алдындағы борышын абыроймен атқара білді. Партизандар қозғалысына қатысқан қазақстандықтар туралы мәселе әлі де талай тың зерттеулерді қажет етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Едыгенов Н.* Участие казахстанцев в партизанском движении в Белоруссии в годы Великой Отечественной войны. — Алма-Ата: Наука, 1972. — 208 с.
- 2 *Синицын А.М.* Всенародная помощь фронту. — М.: Военное изд-во, 1985. — 319 с.
- 3 Шла война народная. Партизаны Великой Отечественной — казахстанцы. — Алма-Ата: Казахстан, 1985. — С. 8.
- 4 Великая Отечественная война, 1941-1945. События. Люди. Документы: Крат. ист. справоч. — М.: Политиздат, 1990. — С. 63.
- 5 Совет Одағының Ұлы Отан соғысы. — Алматы: Қазақстан, 1972. — 692 б.
- 6 *Құсайынов М.* Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында. — Алматы: Мектеп, 1985. — 48 б.
- 7 *Қашкенбаев З.Ш.* Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. — Алматы: Мектеп, 1970. — 29 б.
- 8 *Манаенков А.Л., Горелин Е.П., Маркова А.Ф.* Партизанские формирования Белоруссии в годы Великой Отечественной войны (1941 июнь – 1944 июль). — Минск: Беларусь, 1983. — С. 20.
- 9 *Нусупбеков А.Н.* Вопросы истории Казахстана. (Избранные труды). — Алма-Ата: Наука, 1989. — С. 185.
- 10 Боздактар. Қарағанды облысы. — Алматы: Қазақ энцикл., 1994. — Т. 1. — 17-б.
- 11 *Исабай Қ.* Жаумен жат жерлерде жағаласқандар // Жалын. — 2007. — № 5. — 57 б.

Ж.А.Карсыбаева

#### Участие казахстанцев в партизанском движении

В статье рассматривается участие казахстанцев в партизанских движениях в годы Великой Отечественной войны. Деятельность партизанских отрядов в уничтожении материально-технических баз, военной техники, человеческих ресурсов врага была одним из решающих факторов в борьбе с оккупантами. Дается краткий историографический обзор по данной теме.

Zh.A.Karsybaeva

#### Kazakhstan participated in the movement of guerrillas

In this article is written about the taking part of population of Kazakhstan in guerilla movements in the Great Patriotic War. Activity of guerilla detachments in destroying material-technique bases of military technique if human resources of enemy was one of decisive factors in fighting with occupants. It is given short history-graphical review by the given theme.